

FTAXP 06.71.47

ӘОЖ 336.62

JEL E63

<https://doi.org/10.46914/1562-2959-2024-1-3-195-206>

АМИРОВА Г.К.,¹

PhD, аға оқытушы.

e-mail: gulnur8383@mail.ru

ORCID ID: 0009-0001-7858-497X

АСАНОВА А.Б.,²

PhD, доцент.

e-mail: altin_assan@bk.ru

ORCID ID: 0000-0003-3707-3206

ЖЕНСХАН Д.,^{3*}

Э.ғ.к., қауымдастырылған профессор.

*e-mail: azan_tanat@mail.ru

ORCID ID: 0000-0002-2863-2611

АППАЗОВА Г.Ж.,³

докторант.

e-mail: banu.appazova.1994@gmail.com

ORCID ID: 0009-0004-0486-2908

¹Астана медицина университеті,

Астана қ., Қазақстан

²әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,

Алматы қ., Қазақстан

³С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық

зерттеу университеті,

Астана қ., Қазақстан

СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ АУЫЛДЫҚ АЙМАҚТАРЫНДАҒЫ ДЕПОПУЛЯЦИЯ: ӘЛЕУМЕТТІК, ЭКОНОМИКАЛЫҚ ПРОБЛЕМАЛАР ЖӘНЕ РЕТТЕУ ТЕТІКТЕРІ

Аңдатпа

Қазақстанның және Солтүстік Қазақстан облысының (СҚО) ауылдық аймақтарындағы депопуляциялық құбылыстың себептерін анықтап, оның параметрлерін көрсеткен зерттеулер өте аз. Зерттеудің мақсаты – СҚО-ның ауылдық аймақтарындағы депопуляциялық құбылыстың орын алу себептерін зерттеп, әлеуметтік, экономикалық сәтін анықтау, реттеу тетіктерін ұсыну. СҚО-ның ауылдық аймақтарындағы депопуляциялық үрдістің себептерін анықтап, реттеу тетіктерін ұсыну мақсатында эмпирикалық, гипотезалық, ғылыми абстракциялық, динамикалық талдау, синтездеу, салыстырмалы талдау, жүйелік көзқарас әдістері қолданылды. Мақалада Қазақстан халқының табиғи өсімінің (кему) коэффициентіне терең талдау жасалды. СҚО-ның ауылдық аймақтарындағы халықты жас ерекшеліктері бойынша топтарға бөлу арқылы, қай жастағы адамдардың азайғаны анықталды және олардың нені қалайтыны бойынша гипотеза жасалды. Қазақстан Үкіметі ауылдық аймақтарды дамыту мақсатында және Солтүстік аймақтағы халық санын арттыру мақсатында түрлі бағдарламалар әзірледі және ол қазір де жалғасуда. Дегенмен, СҚО халқының табиғи өсім (кему) коэффициенті теріс мәнге ие. Зерттеу нәтижесі бұл облыстың ауылдық аймақтарындағы қартаю көрсеткішінің қарқынды екенін көрсетті. Үкімет облыс аймақтарының мамандану жағдайын, еңбек әлеуетін, территориялық ерекшелігін, халықтың жас ерекшеліктерін ескере отырып, қолдау шараларын қажет ететін топтарды, нысаналы аймақтарды анықтауы тиіс.

Тірек сөздер: депопуляция, мәселелер, ауылдық аймақтар, табиғи өсім коэффициенті, халық, реттеу механизмдері, дамыту бағдарламалары.

Кіріспе

Көптеген мемлекеттерде адамдардың ауылдық жерлерден қоныс аударуы ұзақ уақыт бойы жалғасып келеді. Осыған сәйкес, қазіргі уақытта көптеген мемлекеттер ауылдық аймақтардағы депопуляция мәселесіне тап болды [1]. Біріккен Ұлттар ұйымының бағалауы бойынша, ауылдық жерлерде тұратын халық саны 2050 ж. қазіргі 45%-дан 30%-ға дейін азаяды деген болжам бар. Қазіргі таңда ЕО-да халықтың бестен бір бөлігі ғана ауылдық жерлерде тұрады. Сонымен қатар, Қытайдың ауыл халқы 2020 ж. 2000 ж. салыстырғанда 28%-ға азайған [2]. Алдағы онжылдықтарда негізінен дамушы елдерде тұратын ауыл тұрғындары үшін депопуляциялық үрдіс сақталады деген болжам келтірілген [3].

Ауылдық депопуляция – бұл ауылдық қауымдастықтар мен жергілікті экономикалардың қысқаруының ең айқын әсері, ол ауыл тұрғындарының белсенділігі мен ойлау қабілетіне және өмір сапасына кері әсер етіп, таланттардың жоғалуына әкелуі мүмкін. Ауыл тұрғындарының азаюының нәтижесінде ауылдық аумақтарда мемлекеттік (денсаулық сақтау, білім беру, көлік) және жеке (бизнес, банктер) қызметтердің қысқаруы байқалады. Сонымен қатар, тұрғындардың қартаюы қоғамдық автономиямен байланысты әлеуметтік капиталдың айтарлықтай төмендеуіне әкеледі. Нәтижесінде, институционалдық әлеует әлсірейді, саяси құзыреттер төмендейді, қолда бар ресурстар қысқарады және бұл жер маргиналдану қаупіне ұшырауы мүмкін. Бұл жағдай Қазақстанның басым ауылдық аймақтарына тән [4]. Демографиялық тұрғыдан алғанда, Қазақстан осы кезеңге дейін демографиялық өсу кезеңінде. Дегенмен, Республика бойынша өлім-жітімнің төмендеуіне қарамастан, СҚО-да туу коэффициенті төмендеп, қартаю белгілері байқалды. 2023 ж. бір әйелге есептегенде ауылдық жерлерде туу коэффициенті (3,59) қалалық жерлерге қарағанда (2,63) жоғары. Осы кезеңдегі эмпирикалық нәтижелер ауылдық жердегі әйелдердің көп балалы болғанын көрсетеді. Бірақ, СҚО-ның ауылдық аймақтарындағы туу коэффициенті Республикалық көрсеткішпен салыстырғанда ең төмен көрсеткішті көрсетіп отыр. Туылғандар санының азаюы, бір жағынан, әйелдердің аграрлық сектордан тыс жерлерде жүйелі түрде жұмыс іздеу туралы шешімдерін, ал екінші жағынан, үй шаруашылықтарының кірістерін бағалау туралы шешімдерін көрсетеді.

Ауылдық жерлердегі депопуляциялық үрдістің жалғасуы ауылдық жерлердің экономикалық, әлеуметтік, демографиялық және экологиялық тепе-теңдігіне көптеген жағымсыз салдарлар тудырады. Экономикалық тұрғыдан алғанда, өндірістік қуаттар азаяды, нәтижесінде ауылдық жерлердің кірістер алу, сауда ағындарын жеңілдету және инвестициялар тарту мүмкіндіктері төмендейді. Бұл аумақтардың салық түсімдері азаяды, ал жергілікті инфрақұрылымды салу және басқару сияқты мемлекеттік қызметтерге бір тұрғынға орташа шығындар артады (ЭЫДҰ, 2021). Халықтың азаюы қоршаған ортаның нашарлау ықтималдығын, өрт қаупін және жергілікті ауылшаруашылық және мал шаруашылығы өндірісінің жойылу қаупін арттырады.

Ауыл тұрғындары жақсы өмір іздеп қалаларға қоныс аударады. Атап айтқанда, олар жоғары ақы төленетін жұмыс орындарын, сондай-ақ ауылдық жерлерде оңай қолжетімді емес мемлекеттік қызметтерді іздейді, мысалы, денсаулық сақтауды жақсарту немесе білім алу мүмкіндіктерін кеңейту сияқты. Бөлшек сауда дүкендері, банктік қызметтер және демалыс орындары сияқты әлеуметтік ыңғайлылықтардың болуы да ауыл тұрғындарын қалаларға тартудың маңызды факторлары болып табылады. Осы факторлардан басқа, жастар қалалық өмір салты ауылдық жерлерге қарағанда тартымды деген түсінікке байланысты қоныс аударады [1].

Қазақстанда бұл мәселе мемлекеттің күн тәртібіндегі ең өткір мәселе ретінде қарастырылады [5]. Қазақстанның ауылдық жерлердің көпшілігінде, әсіресе 2009 ж. бастап халық санының азаюы байқалды [6]. Көптеген зерттеулерде Қазақстанның ауылдық аймақтарындағы депопуляцияның детерминанттары ретінде – инфрақұрылым проблемалары және өзін-өзі жұмыспен қамту деңгейінің жоғары болуы деген пікір жиі айтылғанымен, бұл гипотезаны нақты параметрлер арқылы көрсеткен зерттеулер көп емес. Қазақстандағы ауыл тұрғындарының тұрмыс сапасын нығайту бойынша жүргізілген көптеген зерттеулерде халықты жас ерекшелігі бойынша топтастыра отырып, олар нені қалайды және әлеуметтік-экономикалық игіліктерге қолжетімділік деңгейі қандай деген сұрақтар бойынша жүргізілген зерттеулер мен деректер аз.

Біз бұл мақалада Қазақстандағы депопуляция ерекше байқалып отырған СҚО мен ондағы ауыл тұрғындарының әлеуметтік-экономикалық жағдайын талдаймыз. Біз аталған облыстың

соңғы 5 жылдағы (2020–2024) демографиялық, әлеуметтік-экономикалық деректерін Республикалық орташа көрсеткішпен салыстыра отырып, депопуляциялық жағдайды қалыптастырушы негізгі факторларды анықтауға және оны шешудің тиімді жолдарын ұсынуға тырыстық. Бұл мақаладағы біздің қызығушылығымыз – халықтың жас ерекшеліктері бойынша әлеуметтік және экономикалық қажеттіліктерге қолжетімділігін анықтау.

Материалдар мен әдістер

Бұл мақалада әлемнің көптеген елдері тап болып отырған ауылдық аймақтардағы депопуляциялық үрдіс зерттелді. Осыған орай зерттеуде ауылдық депопуляция бойынша ұсынылған монографиялар, отандық және шетелдік зерттеушілермен жүргізген ғылыми зерттелімдердің қорытындыларды негізге алынды. Ауыл тұрғындарының депопуляциясы Европа елдерінде кеңінен зерттелген. Англия зерттеушілері ауылдық жерлердегі депопуляцияны зерттей отырып, ауыл халқының басым бөлігі ауыл шаруашылығы емес секторларда, яғни өнеркәсіптік аудандарда шоғырланған, тұрақты жұмыс күшіне сұранысы бар жерлерге қоныс аударғанын көрсетті [7–8]. Жоғарыда келтірілген еңбектер мен эмпирикалық дәлелдер ауылдық жерлерде әлі де болса халықтың азайып отырғанын көрсетеді. S. Goetz және D. Debertin секілді зерттеушілер эконометрикалық модель әдісін қолдана отырып, ауыл тұрғындарының өзгеруін түсіндіретін алғашқы еңбектерін ұсынды. Зерттеуде ауыл шаруашылығы емес салада жұмыспен қамтылғандар саны жоғары екені анықталды [9]. Хуан және басқа да ғалымдар, АҚШ-тың батысы мен оңтүстігіндегі округтердің кездейсоқ үлгісін пайдалана отырып, 1950–1990 жж. аралығында ауылдық округтер халқының өсуіне немесе азаюына әкелетін факторларды талдады [10–11]. A. Rupasingha, Y. Liu, M.D. Partridge және S. Juan секілді зерттеушілер регрессия моделін пайдалана отырып, ауыл халқының азаю себептерін бағалау үшін ауылдық округтік көші-қон ағындарының жиынтық деректерін пайдаланады [12–13]. П.К. Мело және басқалар 1991–2011 жж. Португалияның ауыл тұрғындарының өзгеруі мен олардың қалаға қатынау бойынша жолдарына қолжетімділігі арасындағы байланысты бірнеше регрессиялық модельдер арқылы бағалады [14].

Сондай-ақ, БҰҰ-ның экономикалық және әлеуметтік мәселелер жөніндегі департаментімен жасалған 2023 ж. әлеуметтік есебі негізге алынды. Қазақстан Республикасының ауылдық аумақтарын дамытудың 2023–2027 жж. арналған тұжырымдамасы, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігі Ұлттық статистика бюросының деректері, СҚО-ның әкімдігінің ресми сайтынан алынған мәліметтер қолданылды.

СҚО-ның демографиялық, әлеуметтік-экономикалық жағдайын кешенді зерттеу үшін кеңістік-уақыттық деректер, эмпирикалық, динамикалық және салыстырмалы талдау әдістері қолданылды. Сонымен қатар, облыстың әлеуметтік-экономикалық, демографиялық және инфрақұрылымдық факторларын қамтитын көрсеткіштерін кешенді бағалау үшін шолу және бағалау тәсілі қолданылды. Зерттеу деректерін қортындылап, проблемаларды кешенді реттеудің тетіктерін ұсыну мақсатында сараптамалық бағалау және жүйелеу әдістері қолданылды. Ауылдық жерлердегі депопуляцияны зерттеулердің көпшілігі оның себептерін түсіндіруге тырыспайды. Қазақстан Республикасында бұл тақырып бойынша жүргізілген зерттеулер тіптен аз. Ауыл тұрғындарының азаюының себептерін зерттеу үшін бұл бөлімде қолданылатын негізгі әдіс – шолу және салыстырмалы бағалау әдістері.

Нәтижелер мен талқылау

Солтүстік Қазақстан облысы (СҚО) Республикадағы ауыл шаруашылығы өнімін өндірудегі жетекші өңірлердің бірі. Облыс аумағы 98 мың шаршы км, оның шамамен 60%-ы ауыл шаруашылық жерлері. 2023 ж. басында облыста ауыл шаруашылығы өнімінің жалпы көлемінің шамамен 11,6% өндірілді. Облыс Республикадағы ауыл шаруашылығы өнімінің ең ірі өндірушілері: Қостанай, Ақмола облыстарынан кейінгі 3 орынды иеленеді. 2022 ж. соңында 2021 ж. салыстырғанда, ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру бойынша өсім көрсеткіші 12,4%-ды құрап, Республика облыстарының алдыңғы қатарына (1 орын) шықты. Жоғарыда

аталған ауыл шаруашылығының орасан зор үлесіне қарамастан, Республика бойынша халық ең аз қоныстанған (2,6%) облыстардың бірі.

2024 ж. басындағы халық санын 2000 ж. салыстыратын болсақ, Республика бойынша халық саны 34,4%-ға өскен болса, СҚО-да сәйкес кезеңдер аралығында 25,7%-ға азайған. Ал ауыл тұрғындарының үлесі сәйкес кезеңдер ішінде Республика бойынша 16,6%-ға азайса, СҚО-да 38,9%-ға немесе 2,3 еседен астам азайды. Осылайша қазіргі кезде СҚО Республика облыстарының ішінде халық санының азаю бойынша алдыңғы қатардан көрінеді, (1-сурет) [5].



Сурет 1 – ҚР халқының табиғи өсімінің (кему) коэффициенті, мың адамға, 2023 ж.

Ескертпе: Авторлармен [5] дереккөз негізінде құрастырылған.

Картада Республиканың 2023 ж. халқының табиғи өсім (кему) коэффициентінің орташа көрсеткіші (13,77) ескерілді және ол 5 баллдық интервалмен келесі түстермен ерекшеленіп көрсетілді.

Кесте 1 – Халықтың табиғи өсім (кему) коэффициенттерінің жиілігі және ерекшелеу түсі

Халықтың табиғи өсімінің (кему) коэффициенті	Түсі	Топтау критеріі
> 1		Өте төмен
1,1-5,0		Төмен
5,1-11,0		Орташадан төмен
11,1-16,0		Орташа
16,1-21,0		Орташадан жоғары
21,1-26,0		Жоғары

Ескертпе: Авторлармен құрастырылған.


Суреттен көріп отырғанымыздай, 2023 ж. мың адамға шаққанда халқының табиғи өсім (кему) коэффициенті бойынша СҚО Республиканың ең төменгі деңгейін көрсетті. Республика бойынша халқының табиғи өсімінің (кему) коэффициенті 13,77 құраса, СҚО-да бұл көрсеткіш -0,67 құрап отыр.

2022 ж. қарттық индексі Респулика бойынша 28,2%-ды құрап, 2021 ж. салыстырғанда бір жылдың ішінде 1,6%-ға өсті. Бұл дегеніміз 0-15 жас аралығындағы әр 100 балаға 65 жастан асқан 28,2 азаматтан келеді деген сөз.

Картада келтірілген деректерді ескеретін болсақ, өңірлер бойынша ең жас аймақ Маңғыстау облысы. Бұл облыста кейінгі 10 жылда бала туудың ең жоғары көрсеткіші сақталып, әр 100 балаға 65 жастан асқан 10,8 азаматтан келеді. Сонымен қатар қарттықтың төмен индексі Түркістан облысында – 11,3 және Шымкент қаласында – 11,7 тіркелген. Ең жоғары көрсеткіш – Шығыс Қазақстанда 56,9, одан кейінгі орында Солтүстік Қазақстан облысы – 56,3, Қостанай облысы – 48,9.

Келтірілген деректерден еліміздің аталған облыстарында, әлеуметтік-экономикалық жағдайдың күрделеніп отырғанын көреміз. Әсіресе халықтың табиғи өсім (кему) индексі мен халық саны бойынша СҚО жағдай мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық шығындарын арттыруы мүмкін деп болжам жасауға болады.

2024 ж. басындағы мәліметтер бойынша СҚО-да халық саны – 530,1 мыңға жуық адамды құрайды. Қала тұрғындарының саны 259,3 мың адамды немесе 48,9%-ды құрайды, ауылдық – 273,4 мың адамды немесе 51,1%-ды құрайды.



Сурет 2 – Қазақстан және СҚО-ның жалпы халық саны және ондағы қала және ауыл тұрғындарының үлесі

Ескертпе: Авторлармен [5] дереккөз негізінде құрастырылған.

Статистикалық мәліметтерді ескеретін болсақ, бұл облыстағы халық санының азаюы өлім-жітім көрсеткішінің туу көрсеткішінен асып кетуімен байланысты болған. 2024 ж. басында өлім-жітімнің ең жоғары көрсеткіші Шығыс Қазақстанда (1000 тұрғынға 11,07), СҚО (1000 тұрғынға 11,06) анықталды. Бұл осы өңірлер халқының жас ерекшеліктерімен байланысты. Суреттен көріп отырғанымыздай 2024 ж. басында 2020 ж. сәйкес кезеңімен салыстырғанда, Республика бойынша жалпы халық саны 7,5%-ға артты, ал СҚО керісінше 4,4%-ға азайды. Қарастырып отырған кезеңдер аралығында Республикадағы ауыл тұрғындарының үлесі 1,4%-ға төмендесе, бұл көрсеткіш СҚО-да 8,5%-ды көрсетті. Демек, депопуляция Республиканың барлық ауылдық аймақтарында байқалады, әсіресе қартаю индексі ерекше байқалатын СҚО-дағы жағдай өте күрделі.

Біз зерттеу барысында ауылдық аймақтарындағы депопуляцияның детерминанттары ретінде осыған дейінгі зерттеулерде көрсетілген: инфрақұрылым, өзін-өзі жұмыспен қамту, қартаю және туу секілді гипотезаларды нақтылау мақсатында СҚО-ның ауыл халқын жас ерекшелігі бойынша топтарға бөле отырып, Республикалық деңгеймен салыстырамыз. Халықты жас ерекшелігі бойынша бөлу олардың әлеуметтік-экономикалық қажеттіліктерін бағалауға мүмкіндік береді (2-кесте).

Кестеден көріп отырғанымыздай, соңғы бес жылда (2020–2024 жж.) Республика бойынша ауыл тұрғындары 1,4% болса, СҚО-да бұл көрсеткіш 8,5%-ға азайды. Егер біз 2 – кестедегі халықтың жас ерекшеліктеріне талдау жасайтын болсақ, Республика бойынша 18 жасқа дейінгі ауыл тұрғындарының үлесі 2,5%-ға артты, ал СҚО-да бұл көрсеткіш 13,1%-ға азайған.

Кесте 2 – Республика және СҚО-ның ауыл халқының жас ерекшелігі бойынша динамикалық өзгерістері, 2020–2024 жж.

Көркеткіштер		Өлшем бірлігі	2020 ж.	2022 ж.	2024 ж.	Ауытқу, %
ҚР бойынша ауыл халқы, барлығы		адам	7 693 127	7 511 921	7 582 650	98,6
СҚО бойынша ауыл халқы, барлығы		адам	295 929	279 968	270 749	91,5
ҚР ауыл халқындағы СҚО-ның ауыл халқының үлесі, %		адам	3,8	3,7	3,6	92,8
Жас	оның ішінде:					
0-18	ҚР	адам	2 815 084	2 804 495	2 872 861	102,1
		%	36,6	37,3	37,9	103,5
	СҚО	адам	80 526	72 137	69 997	86,9
		%	27,2	25,8	25,9	95,2
19-24	ҚР	адам	599 884	521 092	525 576	87,6
		%	7,8	6,9	6,9	88,9
	СҚО	адам	21 224	16 296	15 647	73,7
		%	7,2	5,8	5,8	80,6
25-44	ҚР	адам	2 123 657	2 019 729	1 944 854	91,6
		%	27,6	26,9	25,6	92,9
	СҚО	адам	71 900	74 946	69 284	96,4
		%	24,3	26,8	25,6	105,3
45-60	ҚР	адам	1 353 859	1 332 171	1 331 579	98,4
		%	17,6	17,7	17,6	99,8
	СҚО	адам	70 281	64 573	60 838	86,6
		%	23,7	23,1	22,5	94,9
61+	ҚР	адам	800643	834434	907 870	113,4
		%	10,40725	11,10813	11,97299	115,0
	СҚО	адам	51998	52016	54 983	105,7
		%	17,6	18,6	20,3	115,3

Ескертпе: Авторлармен [5] дереккөз негізінде құрастырылған.

19–24 жас аралығындағы ауыл тұрғындары республика бойынша 12,4%, ал СҚО-да бұл көрсеткіш 26,4%-ға азайған, яғни Республикалық көрсеткіштен екі есе жоғары. Біз бұл жерде СҚО-да туу көрсеткіштерінің төмен екенін және жоғары және ЖОО кейінгі білім алушы жасатардың (19–24 жас) өз ауылдарынан кету қарқынының өте жоғары екенін байқаймыз. Бір қызығы бұл облыстың ауылдық аймақтарындағы 25–44 жас аралығындағы белсенді экономикалық тұлғалардың үлесі Республикалық көрсеткішпен салыстырғанда 4,8%-ға жоғары және осы кезең дер аралығында тұрақты деңгей сақталған. Ауыл тұрғындарының азаюына қарамастан бұл жастағы ауыл тұрғындарының үлесі 2024 ж. басында 2020 ж. сәйкес кезеңімен салыстырғанда 5,3%-ға артып отыр. Бұл көрсеткіштен СҚО-ның ауылдық аймақтарының белсенді экономикалық тұлғаларды жұмыспен қамту мүмкіндігінің жоғары екенін көреміз.

Баршаңызға белгілі болып отырғандай, 45–60 жас аралығындағы ауыл тұрғындары балаларының жоғары білім алуы үшін ірі қалаларды таңдайды. Республика бойынша бұл жастағы ауыл халқы 1,65% азайса, СҚО-да ол көрсеткіш 13,44%-ға азайған немесе Республикалық көрсеткіштен 8 есе жоғары болып отыр.

СҚО бойынша туу көрсеткіштерінің төмендеуі (0–15 жас), жоғары және ЖОО кейінгі білім алушы жасатар (19–24 жас) мен олардың ата-анасының (45–60 жас) ірі қалаларды таңдауы себебінен бұл облыс бойынша депопуляциялық үрдіс күрделенді. Республика бойынша 61 жастан жоғары ауыл тұрғындарының саны 2024 ж. басында 2020 ж. сәйкес кезеңімен

салыстырғанда 107,2 мың адамға (13,4%), ал СҚО 3 мың адамға (5,7%) көбейген. Нәтижесінде СҚО-дағы жалпы ауыл тұрғындарына есептегенде 61 жастан жоғары қарттардың үлесі 15,3%-ға артып, Республикалық көрсеткіштен (15,0%) сәл асты. Демек, СҚО қартаю көрсеткіші қарқынды болып отыр.

Ауылдық аймақтарындағы қартаю мәселесіне тек Қазақстан емес әлемнің көптеген елдері тап болды. Бұған дейін қартаю мәселесі әлемдегі ең дамыған елдер проблема деп есептелді. Алайда, қазіргі уақытта бұл мәселе жаһандық трендке айналды. Әсіресе, бірқатар дамушы елдердің экономикалалық және қоғамдық даму проблемаларын қалыптастыруы мүмкін. Осыған орай, 2023 ж. қаңтарында Біріккен Ұлттар Ұйымының экономикалық және әлеуметтік мәселелер жөніндегі департаменті (БҰҰ ЭЖӘМД) «Қартайған әлемде ешкімді артта қалдырмау» (Leaving no one behind in an aging world) атты дүниежүзілік әлеуметтік баяндама жариялады. Бұл құжатта қартаю мәселелерін және олардың экономикалық, әлеуметтік және медициналық салдары зерттелді [15]. Бұл құжатта қартаюдың жаһандық тенденциясы екі негізгі факторға ықпал ететіндігі көрсетілді.

Бірінші фактор – адамдар ұзақ өмір сүруге бейім, оларға білім берудегі тұрақты жаһандық прогрес нәтижелері, медицина қызметтері, денсаулық сақтау, азаматтарды ауыруға және алдын алуға қарсы вакцинациялау, жеке гигиенаға және басқа да базалық қызметтер қажет [15]. Алайда, халықтың өмір сүру ұзақтығының артуымен кейбір проблемалар туындайды, олардың ішіндегі ең өзектісі экономикалық проблема. Себебі, қартайған халық экономикалық жағынан өнімділігі төмен және олар денсаулық сақтау, әлеуметтік бағдарламалар мен зейнетақы секілді мемлекеттік шығындарды көбейтуді талап етеді. Қартайған халыққа жайлы өмір салтын сақтау үшін денсаулық сақтау қызметтері көбірек қажет, бұл денсаулық сақтау шығындарының өсуіне әкеледі. Сонымен қатар, халықтың құрамындағы егде жастағы азаматтардың үлесі өскен сайын, ең үлкен экономикалық құндылық әкелетін және салықтардың ең көп үлесін төлейтін еңбекке қабілетті жастағы халық азаяды. Бұл үкіметтің әлеуметтік және денсаулық сақтау шығындарының өсуін дұрыс қаржыландыру қабілетіне нұқсан келтіреді.

Жоғарыда аталған мәселелер апатты болып көрінуі мүмкін, бірақ қартайған халықтың экономикалық мәселелерін шешуге арналған көптеген саяси бастамалар бар. Мысалы, ең көп таралған шешімдердің бірі егде жастағы адамдар жұмыс күшінің бөлігі болып қалатын кезеңнің ұзартылуына байланысты.

Қартаюдың жаһандық тенденциясына ықпал ететін екінші фактор – отбасы санының азаюы, кәсіби мансап пен отбасылық өмірдің үйлесімсіздігінен туу көрсеткіштерінің төмендеуі. БҰҰ деректерінде адамдардың экономикалық жағдайы жақсарып, ұлттар дамыған сайын, әйелдер аз балалы болуды немесе мүлдем балалы болмауды және оның орнына кәсіби мансапты таңдайтыны көрсетілді. Бұдан бөлек, еңбек нарығының икемділігі, білім беру жүйелері, гендерлік теңдік, неке мен бала туу, бала тәрбиесіне мемлекеттік субсидиялар, тұрғын үй нарығы және ішкі көші-қон жатады. Нәтижесінде, балалар санының ересектер санына қатынасы төмендейді және болашақта ересектердің алдыңғы буыны қартайған кезде экономикада салықтар арқылы қолдай алатын еңбекке қабілетті аға буын өкілдері және ересектер аз болады. Неғұрлым ауыр жағдайларда туу коэффициенті 2.1-ден төмен түсуі мүмкін. БҰҰ ЭЖӘМД-нің есебінде бұл факторлар халықтың азаюының басты көрсеткіші ретінде түсіндіріледі [15]. Бұл үрдіс 1 – суретте (картада) көрсетілгендей, Қазақстанның Солтүстік және Шығыс облыстарында қатты байқалады. Атап айтқанда, 2023 ж. халықтың табиғи өсім коэффициенті: СҚО-да -0,67; ШҚО-да 1,38; Қостанайда 1,77 тең. Аталған 3 облыстың ішінде СҚО жағдай 2-суретте және 1-кестеде көрсетілді. Бұл суреттерден СҚО-ның ауылдық аймақтарындағы халық санының азаюын анық байқауға болады.

Республика бойынша, әсіресе СҚО-дағы ауылдық депопуляцияға ықпал ететін факторларға: теріс табиғи өсім, халықтың қартаюы, белсенді экономикалық топтар мен білімді адамдардың ірі қалаларға кетуі, ауылдық жерлердегі жастардың дамымаған инфрақұрылым және жоғары табысы бар жерлерге қоныс аударуы секілді факторлар тікелей әсер етуде. Сонымен қатар, кейбір зерттеулер бұл мәселенің қалыптасуын халықтың тығыздығы және орналасқан жері,

мемлекеттік қызметтердің жеткіліксіздігі және сапалы ауыз суға қолжетімділіктің төмен болуы және т.б. көрсеткіштермен толықтырады [16].

Осылайша әлем елдері ауылдық жерлердегі депопуляцияны төмендету үшін туу деңгейінің төмендеу мәселесін шешуге бағытталған саясатты қабылдайды. Мұндай саясатқа ақшалай қолдау, қызмет көрсету және жұмысқа байланысты қолдау кіруі мүмкін. Сондай-ақ, тиісті қызметтер мен заттай төлемдер, салық жеңілдіктері де ауылдық депопуляцияны төмендету мүмкіндіктерін қалыптастыруы мүмкін. Үкімет азаматтарды балалы болу үшін төленетін тікелей ақшалай жәрдемақы арқылы отбасының көлемін ұлғайтуға ынталандыруы мүмкін, өйткені қаржылық тұрақтылық балалы болуды ойлайтын адамдар үшін маңызды фактор болып табылады [17].

Қорытынды

Әлемнің көптеген елдерінде орын алып отарған ауыл тұрғындарының депопуляциясы Қазақстанның, әсіресе СҚО-ның ауылдық аймақтарындағы тұрғындарды және Үкіметті алаңдататын өте айқын құбылысқа айналды. Біз СҚО-дағы халықтың жас ерекшелігі бойынша динамикалық өзгерістерін ескере отырып, облыстың әлеуметтік-экономикалық әлеуетін арттыру үшін ең алдымен ондағы депопуляцияны төмендетудің негізгі тетіктерін ұсынған жөн деп санаймыз, ол үшін:

1. Зерттеу нәтижелерін ескере отырып, СҚО-да бала тууды әртүрлі әдістер арқылы, оның ішінде: материалдық және моральдық қолдану. Себебі экономикалық қызмет түрлері бойынша ауыл шаруашылығы саласы қызметкерлерінің ең төменгі жалақы алатынын ескеретін болсақ, ақшалай қолдау ең икемді әдіс болуы мүмкін. Бұл жерде, ауылдық аймақтардың территориялық орналасу ерекшелігі, халықтың тығыздығы, инфрақұрылым және мемлекеттік қызметтерге қолжетімділік деңгейі ескерілуі тиіс. Сондай-ақ, Үкімет қолдау шаралары енгізілген нысаналы аудандар мен ауылдардың әлеуметтік, экономикалық, демографиялық көрсеткішіне тұрақты мониторинг жасауы тиіс.

2. СҚО-ның мамандану деңгейін, еңбек ресурстары әлеуетін, территориялық орналасу ерекшелігін, әлеуметтік-экономикалық жағдайын ескере отырып, ауылдық аумақтарды дамыту тұжырымдамаларын қайта қарау қажет, әсіресе облыстың ауылдық аймақтарындағы халықтың тұрмыс сапасына көбірек көңіл бөлу және таза экономикалық көрсеткіштерді ескеру. Үкімет облыстың қартаю көрсеткіштерін ескере отырып, жастардың мемлекеттік қызметтерге қолжетімділік деңгейін арттыру шараларын нығайтуы тиіс.

3. Мемлекеттің ауылдық аймақтардағы тұрғындар санын ескере отырып, ауылдарды ірілендіру, ауылдық жерлерді дамыту, демография және көші-қон немесе оларды бейімдеуге арналған бағдарламаларды үйлесімді бағалау. Ол үшін жүйелік ойлау әдістемесін іске қосқан жөн. Нақтырақ айтқанда Республика бойынша жасалған бағдарлама республиканың аймақтарында және құрылымдық бөліктерінде қалай іске асырылуын бағалау, бағдарламалардың белгілі бір уақыт ішінде және үлкен жүйелер контекстінде қалай жұмыс істейтініне назар аудару және талдау арқылы үнемі мониторинг жасау. Бұлай болмаған жағдайда, жасалған әрекеттер қате пайымдауларды немесе анахрондық болжамдарды көрсетуі мүмкін.

4. Ауылдық аймақтарды дамытудың стратегиялық құжаттарын әзірлеу кезінде, өңірлердің ағымдық жағдайларын ескеру. Ауылдық аймақтарды дамытудың бағдарламалық негіздемесі: дәлелдемелерден және демографиялық өзгерістердің жергілікті процестерімен негізделуі тиіс. Яғни, өңірлердегі «нақты көрініс және мақсаттар» принципін ескеру. Бұл жерде ауылдың құлдырауының күрделі қажеттіліктерін мойындау, ауылдық аймақтардың қолда бар күшті жақтарын пайдалану. Нақтырақ айтқанда, аймақтың экономикалық өсуі мен мүмкіндіктерін, сонымен қатар, жаһандық әлеуметтік-экономикалық және технологиялық контексттердің өзгеруіне байланысты жаңа мүмкіндіктерді ескере отырып, жаңа мақсаттарды қарастыру. Оның ішінде: тұрақты мемлекеттік жұмыс орындарын құру, инфрақұрылымдардың сапасын нығайту, жоғары білікті әлеуметтік сала мамандарын тарту, әсіресе дәрігерлер, шалғай және шекаралас орналасқан елді мекендерді дамытудың арнайы бағдарламаларын әзірлеу аса маңызды.

Мақала «Ауыл шаруашылығы кооперативтерін дамытудың ұйымдастырушылық-басқарушылық, әлеуметтік-экономикалық тетіктерін зерделеу және олардың Қазақстан ауыл халқының табысын, өмір сүру сапасын арттыруға әсерін бағалау» (AP23486198) гранттық қаржыландыру бағдарламасы аясында әзірленді.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Cañal-Fernández V. The role of infrastructures in rural depopulation. An econometric analysis // *Economía Agraria y Recursos Naturales*. 2022. Vol. 22. P. 31–52. URL: <https://doi.org/10.7201/earn.2022.02.02>
- 2 Taking action to tackle rural depopulation // Rural Pact Support Office. Brussels, Belgium. 2023. URL: https://rural-vision.europa.eu/document/-download/20bed65d-bfdf-4be2-9293-4989904e0512_en?filename=-policy-lab-rural-depopulation-report-230907%20%281%29.pdf
- 3 Commission on Population and Development, fifty-seventh session. 2024. URL: <https://www.un.org/development/desa/-pd/events/CPD57>
- 4 Рүстемов Р. Демографиялық ерекшеліктерді ескере отырып еліміздің ауылдық аймақтарын дамыту // Егемен Қазақстан. 2024. URL: <https://egemen.kz/article/357535-maqsat-%E2%80%933-auyldy-tuletu>
- 5 Қазақстан Республикасы стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігінің ұлттық статистика бюросы. URL: <https://www.stat.gov.kz/> (өтініш берілген күн: 05.05.2024).
- 6 Martín F.M. Understanding depopulation in rural areas. Workshop 2: Addressing the challenge of depopulation in rural areas. Sarajevo, 2023. URL: <https://innovative-sustainable-economy.interreg-euro-med.eu/wp-content/uploads/sites/2/fernando-merida-martin.pdf>
- 7 Cance A. The Decline of the Rural Population in New England // *Publications of the American Statistical Association*. 1912, no. 3(97), pp. 96–101. URL: <https://dx.doi.org/10.2307/2965054>
- 8 Cawley M. Desertification: Measuring Population Decline in Rural Ireland // *Journal of Rural Studies*. 1994, no. 10(4), pp. 395–407. URL: [https://dx.doi.org/10.1016/0743-0167\(94\)90049-3](https://dx.doi.org/10.1016/0743-0167(94)90049-3)
- 9 Goetz S., Debertin D. Rural Population Decline in the 1980s: Impacts of Farm Structure and Federal Farm Programs // *American Journal of Agricultural Economics*. 1996, no. 78(3), pp. 517–529. URL: <https://dx.doi.org/10.2307/1243270>
- 10 Huang T., Orazem P., Wohlgemuth D. Rural Population Growth, 1950–1990: The Roles of Human Capital, Industry Structure and Government Policy // *American Journal of Agricultural Economics*. 2002, no. 84(3), pp. 615–627. URL: <https://dx.doi.org/10.1111/1467-8276.0032>
- 11 Dijkstra L., Poelman H. Remote rural regions: How proximity to a city influences the performance of rural regions. Brussels: Regional Focus, 2008.
- 12 Rupasingha A., Liu Y., Partridge M. Rural bound: determinants of metro to non-metromigration in the united states // *American Journal of Agricultural Economics*. 2015, no. 97(3), pp. 680–700. URL: <https://doi.org/10.1093/ajae/aau113>
- 13 San Juan C., Sunyer C. Rural Depopulation and Income Convergence. *Economía Agraria y Recursos Naturales*. 2019, no. 19(2), pp. 29–48. URL: <https://doi.org/10.7201/earn.2019.02.02>
- 14 Melo P.C., Rego C., Anciães P.R., Guiomar N., Muñoz J. Rojas Does road accessibility to cities support rural population growth? Evidence for Portugal between 1991 and 2011 // *Journal of Regional Science*. 2021, no. 62(2), pp. 443–470. URL: <https://dx.doi.org/10.1111/jors.12569>
- 15 UN DESA. Leaving no one behind in an aging world. World Social report. 2023. URL: <https://www.un.org/development/desa/dspd/wp-content/uploads/sites/22/2023/01/2023wsr-chapter1-.pdf>
- 16 Papadopoulos A.G., Baltas P. Rural Depopulation in Greece: Trends, Processes, and Interpretations. *Geographies*. 2024, no. 4, pp. 1–20. URL: <https://doi.org/10.3390/geographies4010001>
- 17 Zhang T., Cai X.Y., Shi X.H., Zhu W., Shan S.N. The Effect of Family Fertility Support Policies on Fertility, Their Contribution, and Policy Pathways to Fertility Improvement in OECD Countries // *International Journal of Environmental Research and Public Health*. 2023. Vol. 20. P. 4790. <https://doi.org/10.3390/ijerph20064790>

REFERENCES

- 1 Cañal-Fernández V. (2022) The role of infrastructures in rural depopulation. An econometric analysis // *Economía Agraria y Recursos Naturales*. Vol. 22. P. 31–52. URL: <https://doi.org/10.7201/earn.2022.02.02> (In English).
- 2 Taking action to tackle rural depopulation // Rural Pact Support Office. Brussels, Belgium. 2023. URL: https://rural-vision.europa.eu/document/-download/20bed65d-bfdf-4be2-9293-4989904e0512_en?filename=-policy-lab-rural-depopulation-report-230907%20%281%29.pdf. (In English).
- 3 Commission on Population and Development, fifty-seventh session. 2024. URL: <https://www.un.org/development/desa/-pd/events/CPD57>. (In English).
- 4 Rüstемов R. (2024) Демографиялық ерекшеліктерді ескере отырып еліміздің ауылдық аймақтарын дамыту // *Егемен Қазақстан*. URL: <https://egemen.kz/article/357535-maqsat-%E2%80%93-auyldy-tuletu>. (In Kazakh)
- 5 Қазақстан Республикасы стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігінің ұлттық статистика бюросы. URL: <https://www.stat.gov.kz/> (өтініш берілген күн: 05.05.2024). (In Kazakh)
- 6 Martín F.M. (2023) Understanding depopulation in rural areas. Workshop 2: Addressing the challenge of depopulation in rural areas. Sarajevo. URL: <https://innovative-sustainable-economy.interreg-euro-med.eu/wp-content/uploads/sites/2/fernando-merida-martin.pdf>. (In English).
- 7 Cance A. (1912) The Decline of the Rural Population in New England // *Publications of the American Statistical Association*, no. 3(97), pp. 96–101. URL: <https://dx.doi.org/10.2307/2965054>. (In English).
- 8 Cawley M. (1994) Desertification: Measuring Population Decline in Rural Ireland // *Journal of Rural Studies*, no. 10(4), pp. 395–407. URL: [https://dx.doi.org/10.1016/0743-0167\(94\)90049-3](https://dx.doi.org/10.1016/0743-0167(94)90049-3). (In English).
- 9 Goetz S., Debertin D. (1996) Rural Population Decline in the 1980s: Impacts of Farm Structure and Federal Farm Programs // *American Journal of Agricultural Economics*, no. 78(3), pp. 517–529. URL: <https://dx.doi.org/10.2307/1243270>. (In English).
- 10 Huang T., Orazem P., Wohlgemuth D. (2002) Rural Population Growth, 1950– 1990: The Roles of Human Capital, Industry Structure and Government Policy // *American Journal of Agricultural Economics*, no. 84(3), pp. 615–627. URL: <https://dx.doi.org/10.1111/1467-8276.0032>. (In English).
- 11 Dijkstra L., Poelman H. (2008) Remote rural regions: How proximity to a city influences the performance of rural regions. Brussels: Regional Focus. (In English).
- 12 Rupasingha A., Liu Y., Partridge M. (2015) Rural bound:determinants of metro to non-metromigration in the united states // *American Journal of Agricultural Economics*, no. 97(3), pp. 680–700. URL: <https://doi.org/10.1093/ajae/aau113>. (In English).
- 13 San Juan C., Sunyer C. (2019) Rural Depopulation and Income Convergence. *Economía Agraria y Recursos Naturales*, no. 19(2), pp. 29–48. URL: <https://doi.org/10.7201/earn.2019.02.02>. (In English).
- 14 Melo P.C., Rego C., Anciães P.R., Guiomar N., Muñoz J. (2021) Rojas Does road accessibility to cities support rural population growth? Evidence for Portugal between 1991 and 2011 // *Journal of Regional Science*, no. 62(2), pp. 443–470. URL: <https://dx.doi.org/10.1111/jors.12569>. (In English).
- 15 UN DESA. Leaving no one behind in an aging world. World Social report. 2023. URL: <https://www.un.org/development/desa/dspd/wp-content/uploads/sites/22/2023/01/2023wsr-chapter1-.pdf>. (In English).
- 16 Papadopoulos A.G., Baltas P. (2024) Rural Depopulation in Greece: Trends, Processes, and Interpretations. *Geographies*, no. 4, pp. 1–20. URL: <https://doi.org/10.3390/geographies4010001>. (In English).
- 17 Zhang T., Cai X.Y., Shi X.H., Zhu W., Shan S.N. (2023) The Effect of Family Fertility Support Policies on Fertility, Their Contribution, and Policy Pathways to Fertility Improvement in OECD Countries // *International Journal of Environmental Research and Public Health*. Vol. 20. P. 4790. <https://doi.org/10.3390/ijerph20064790>. (In English).

АМИРОВА Г.К.,¹

PhD, ст. преподаватель.

e-mail: gulnur8383@mail.ru

ORCID ID: 0009-0001-7858-497X

АСАНОВА А.Б.,²

PhD, доцент.

e-mail: altin_assan@bk.ru

ORCID ID: 0000-0003-3707-3206

ЖЕНСХАН Д.,^{3*}

к.э.н., ассоциированный профессор.

*e-mail: azan_tanat@mail.ru

ORCID ID: 0000-0002-2863-2611

АППАЗОВА Г.Ж.,³

докторант.

e-mail: banu.appazova.1994@gmail.com

ORCID ID: 0009-0004-0486-2908

¹Астанинский медицинский университет,

г. Астана, Казахстан

²Казахский национальный университет им. аль-Фараби,

г. Алматы, Казахстан

³Казахский агротехнический исследовательский

университет им. С. Сейфуллина,

г. Астана, Казахстан

ДЕПОПУЛЯЦИЯ В СЕЛЬСКИХ РАЙОНАХ СЕВЕРО-КАЗАХСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ: СОЦИАЛЬНЫЕ, ЭКОНОМИЧЕСКИЕ ПРОБЛЕМЫ И МЕХАНИЗМЫ РЕГУЛИРОВАНИЯ

Аннотация

Исследований, определивших причины явления депопуляции в сельской местности Казахстана и Северо-Казахстанской области (СКО), очень мало. Цель исследования – изучить причины явления депопуляции в сельской местности СКО, определить ее социальные и экономические последствия и предложить механизмы регулирования. С целью определения причин процесса депопуляции в сельской местности СКО и предложения механизмов регулирования были использованы методы эмпирического, гипотетического, научного абстрагирования, динамического анализа, синтеза, сравнительного анализа, системного подхода. В статье проведен углубленный анализ коэффициента естественного прироста (убыли) населения Казахстана. Разделив население сельской местности СКО на возрастные группы, определили, какая возрастная категория уменьшается в количестве, и выдвинули гипотезу о том, чего они хотят. Правительство Казахстана разработало и продолжает разрабатывать различные программы развития сельских территорий и роста населения Северного региона. Однако коэффициент естественного прироста (убыли) населения СКО имеет отрицательное значение. Результаты исследования показали, что темпы старения населения в сельской местности этого региона интенсивные. Правительство должно определить группы и целевые направления, требующие мер поддержки, с учетом ситуации со специализацией, трудового потенциала, территориальных и возрастных особенностей областей региона.

Ключевые слова: депопуляция, проблемы, сельские районы, коэффициент естественного прироста, население, механизмы регулирования, программы развития.

AMIROVA G.K.¹

PhD, senior lecturer.

e-mail: gulnur8383@mail.ru

ORCID ID: 0009-0001-7858-497X

ASANOVA A.B.,²

PhD, associate professor.

e-mail: altin_assan@bk.ru

ORCID ID: 0000-0003-3707-3206

ZHENSHAN D.^{3*}

c.e.s., associate professor.

*e-mail: azan_tanat@mail.ru

ORCID ID: 0000-0002-2863-2611

APPAZOVA G.ZH.³

PhD student.

e-mail: banu.appazova.1994@gmail.com

ORCID ID: 0009-0004-0486-2908

¹Astana Medical University,

Astana, Kazakhstan

²al-Farabi Kazakh National University,

Almaty, Kazakhstan

³Kazakh Agrotechnical Research University

named after S. Seifullin,

Astana, Kazakhstan

DEPOPULATION IN RURAL AREAS OF THE NORTH KAZAKHSTAN REGION: SOCIAL, ECONOMIC PROBLEMS AND REGULATORY MECHANISMS

Abstract

There are very few studies that have determined the causes of depopulation in rural areas of Kazakhstan and the North Kazakhstan region (NKR). Purpose of the study – to study the causes of the phenomenon of depopulation in rural areas of the NKR, determine its social and economic consequences and propose regulatory mechanisms. To determine the causes of the depopulation process in rural areas of the North Kazakhstan region and propose regulatory mechanisms, methods of empirical, hypothetical, scientific abstraction, dynamic analysis, synthesis, comparative analysis, and systems approach were used. The article provides an in-depth analysis of the rate of natural increase (loss) in the population of Kazakhstan. Having divided the population of the rural areas of the NKR into age groups, we determined which age category was decreasing and put forward a hypothesis about what they wanted. The Government of Kazakhstan has developed and continues to develop various programs for developing rural areas and population growth in the Northern region. However, the coefficient of natural increase (loss) of the population of the North Kazakhstan region has a negative value. The study results showed that the population aging rate in rural areas of this region is intensive. The government must identify groups and target areas that require support measures, taking into account the situation with specialization, labor potential, territorial characteristics, and age characteristics of the areas of the region.

Key words: depopulation, problems, rural areas, natural growth coefficient, population, regulatory mechanisms, development programs.

Мақаланың редакцияға түскен күні: 01.07.2024